

Ақмола облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 17 маусымдағы № 4С-15-6 шешімі.
Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 15 шілдеде № 3325 тіркелді

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі бұйрығына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Ақмола облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының қоса беріліп отырған ставкалары бекітілсін (Қосымша).

2. Ақмола облыстық мәслихатының «Ақмола облысында 2007 жылы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» 2007 жылғы 6 шілдедегі № 3С-28-7 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3230 тіркелген, 2007 жылдың 4 тамызында «Арқа ажары» газетінде және 2007 жылдың 9 тамызында «Ақмолинская правда» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А қ м о л а о б л ы с т ы қ
м ә с л и х а т ы с е с с и я с ы н ы ң
төрағасы В.Судибор

А қ м о л а о б л ы с т ы қ
мәслихатының хатшысы Ө.Мұсабаев
КЕЛІСІЛДІ:

Балық шаруашылығының Ақмола
облыстық аумақтық инспекциясы
бастығының міндетін атқарушы Жағабылов Ш.С.

Е сі л э ко л о г и я д е п а р т а м е н т і
бастығының орынбасары Шалабаев Қ.М.

А қ м о л а о б л ы с ы б о й ы н ш а С а л ы қ
департаментінің бастығы Нүсіпов Ж.С.

А қ м о л а о б л ы с ы н ы ң а у ы л
ш а р у а ш ы л ы ғы б а с қ а р м а с ы н ы ң
б а с т ы ғы А х м е д ж а н о в а А . Т .

А қ м о л а о б л ы с ы н ы ң к ә с і п к е р л і к
п е н ө н е р к ә с і п
б а с қ а р м а с ы н ы ң б а с т ы ғы Қ о й ш ы б а е в м . С .

А қ м о л а о б л ы с ы н ы ң қ а р ж ы
б а с қ а р м а с ы н ы ң б а с т ы ғы Б ұ л т е н о в Т . С .

А қ м о л а о б л ы с ы н ы ң э к о н о м и к а
м е н б ю д ж е т т і ж о с п а р л а у
б а с қ а р м а с ы н ы ң б а с т ы ғы Т а қ а м б а е в М . Ш .

А қ м о л а о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 9 ж ы л ғы 1 7 м а у с ы м д а ғы
№ 4 С - 1 5 - 6 ш е ш і м і н е
қ о с ы м ш а

Ақмола облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 30.09.2015 № 5С-41-11 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ р/с	Суды пайдаланудың арнайы түрі	Өлшем бірлігі	Базалық Ставкалар (теңге)	Нормативтік Ставкалар (теңге)
1	Тұрғын үйді пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 м ³	61	61
2	Өнеркәсіп, жылу энергиясын қоса есептегенде	1000 м ³	169	169
3	Ауыл шаруашылығы	1000 м ³	48	48
4	Су көздерінен су алушы тоған шаруашылығы	1000 м ³	48	48
5	Алынып тасталды - Ақмола облыстық мәслихатының 30.09.2015 № 5С-41-11 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.			
6	Гидроэнергетика	кВт/сағат	17	17
7	Су көлігі	1000 т.км	5	5

Ескерту: нормативтік ставкалар жыл сайын ағымдағы жылдың инфляция деңгейіне қатысты индекстеледі.